



№14 (10107)  
22 ақпан,  
сенбі  
2025 жыл

# Жалағаш Жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»  
ақпараттық ағенімізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Үкімет

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңес отырысында халықаралық бизнес қоғамдастығының Қазақстан Үкіметімен өзара іс-қимылының өзекті мәселелері қаралды. Еліміздің инвестициялық тартымдылығын одан әрі арттыру, оның ішінде салық саясатын жетілдіру мәселелеріне назар аударылды.

## Салық саясатын жетілдіру бәрінен маңызды



Қатысушылар Үкіметтің қолайлы бизнес-орта құруға, есу серпінін сақтауға және экономикалық даму сапасын арттыруға бағытталған реформалары туралы хабардар болды. Өзірленіп жатқан жаңа Салық кодексі шеңберінде өкімшiлeндiрiлдi сервистiк моделiн енгiзу, салық есептiлiгiн 30 пайызға қысқарту және салық төлемдері түрлерінің санын 20 пайызға азайту көзделгені айтылды. Өз енімін өндірушілер үшін табыс салығының төмендетілген мөлшерлемесі енгізіледі, шикізатты қайта өңдеушілер жабдықтың импорты бойынша ҚҚС төлеу мерзімін ұзартады. Сонымен қатар роялтиге салық салудағы өзгерістер түсіндірілді.

Қазақстандағы Америкалық сауда палатасының атқарушы директоры Джефф Эрлих, АҚШ-тың Алматыдағы бас консулы Мишель Йеркин, Ұлыбритания елшісі Кэти Лич, ЕО-ның Қазақстандағы Уақытша сенімді өкілі Мачей Мадалиньский, Deloitte серіктесі Елдос Сыздықов, Кавказ және Орталық Азия елдеріндегі ЕУ басқарушы серіктесі Ерлан Досымбеков, Veeline Қазақстан бас директоры Евгений Настрадайн, ExxonMobil Қазақстан бойынша басқарушы директоры Сесиль Раулин, Pfizer аймақтық директоры Дмитрий Козенков сөз сөйледі.

Көтерілген тақырыптарға Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғалин, қаржы министрі Мәди Такиев түсініктеме берді.

Қаржы министрінің мәліметінше, былтыр ҚҚС қайтару аясында рекордтық 1,2 трлн теңге төленген. 2026 жылдан бастап салықты қайтару рәсімінің тиімділігі мен ашықтығын арттыратын жаңа ақпараттық жүйе қолданысқа енгізіледі.

Жиынды қорытындылаған Олжас Бектенов айтылған ұсыныстар мен бастамалар үшін алғысын білдірді. Қазақстан Үкіметі ашық диалог пен өзара үйлесімді іс-қимылға дайын.

«ЖЖ» ақпарат

## Бәрекедi!

# Тұрғын үй кiлтi табысталды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Азаматтарымызды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесіне бірінші кезекте назар аударылады» деп айтқан болатын. Осы ретте бейсенбіде «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасы аясында халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен әлеуметтік осал топтағы отбасылар үшін сатып алынған 111 пәтерлік 56 тұрғын үйдің кілтін иелеріне табыстау рәсімі өтті. Оған жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері мен аудан тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жаңа пәтер иелерін қоныстоймен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы, құрылыс, инфрақұрылым салаларындағы жетістіктерге тоқталды.

– Жерлестеріміздің ауызбіршілігі, ынтымақ-бірлігінің арқасында өңіріміз өркендеу жолына түсті. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен аймағымыз қарқынды құрылыс алаңына айналды. Облыс бойынша 187 нысан-ның құрылысы салынуда. Бұл – өңірде қолға алынған жұмыстарымыздың бір бөлігі ғана. Алдағы уақытта елдің игілігі мен балаларымыздың болашағы жолындағы жобалар жалғасын табады. Жалағаш ауданында да ауқымды істер атқарылууда. Соңғы 3 жылда Жалағаш ауданына 50 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды. Бүгінгі күні, 111 пәтерлік 56 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, жаңа қонысты иелеріне салтанатты түрде табыстаудамыз. Елдік мүддеге қызмет етіп, жаңа баспаналарды уақытылы әрі сапалы аяқтаған құрылыс мекемелеріне шынайы алғысымызды білдіреміз. Қо-

ныстой құтты болсын, – деді облыс әкімі.

Іс-шарада ел бірлігін бекемдеуге үлес қосқан аға буын ардагерлер мен жаңа тұрғын үйлерді сапалы етіп салған құрылысшылар марапатталды. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев қоныстой иелерін құттықтап, батасын берді.

Иә, қарапайым халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету – мемлекеттің басты міндетінің бірі. Аудандарда тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға баспана салу тәжірибесі соңғы жылдары аймақта ерекше қарқын алды. Мәселен соңғы екі жылда аудандарда тұрғын үйге мұқтаж 1500-нан астам отбасы баспана бақытына ие болды.

Тұрғындардың жаңа қонысы «Наурыз» мөлтек ауданы деп аталды. Бұл күні қонысқа ие болғандардың бірі – кент тұрғыны Айна Оспанова. Ол көпбалалы ана ретінде тұрғын үй кезегіне 16 жыл бұрын тіркелген.

– Бүгін біз үшін қуанышты мереке. 2009 жылы көпбалалы ана ретінде тұр-

ғын үй кезегіне тіркелдім. Тұрғын үйге қатысты бағдарламаларды қолға алып, қаншама халықтың әлеуетін көтеріп, үй сыйлап жатқан мемлекет басшысына алғысымыз шексіз. Облыс әкімі жаңа баспанамыздың кілтін табыстағанда, қаншама жыл кезекте тұрғанымызды ұмытып, қатты қуандық. Үй тиянақты салынғаны көрініп тұр. Бөлмелердің бәрі жылы, көгілдір отын, ауыз су кіргізіліп, барлық жағдай жасалған. Қуанышымызға ортақтасып ақ тілегін жаудырып жатқан жандарға рақмет, – деді Айна Оспанова.

Айта кетейік, өткен жылдың басында аудан бюджеті 10 млрд 200 млн теңгеге бөкітіліп, жыл көлемінде 12 млрд 200 млн теңгеге ұлғайды. Аудан халқы 100 пайыз таза ауыз сумен қамтылған. «Ақсу», «Мөрәлі Шәменов» елді мекендері газға қосылып, тұрғындар игілігін көрде. Ауданда 5 жоба жүзеге асырылып, 19,3 шақырымнан астам көше, жол тораптары жөндеуден өтті. Соңғы 3 жылда 5 елді мекеннің 66,3 шақырым электр желілері жаңартылды. Ауданда халықтың әлеуметтік

жағынан осал топтарына тұрғын үй қорынан 2020 жылы – 10 тұрғын үй, 2021 жылы – 20 тұрғын үй, 2023 жылы – 51 тұрғын үй сатып алынған. Ал биыл 56 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, 111 отбасы баспаналы болды. Тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар арасында көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар да бар. Жаңадан салынған пәтердің алаңы 80 шаршы метрді құрайды. Үйдің ішінде 2 жатын бөлмесі, қонақ бөлмесі мен ас үйі және жуынатын бөлме бар.

Айта кетейік, шара соңы спорттық шарамен қорытындыланды. «Наркескен» спорт клубының ұйымдастыруымен спортшылар бір спорты мен арқан тартыс бойынша сынга түсті. 12 спортшы қатысқан бір спорты сайысында I орынды Төлген Қайсар, II орынды Орынбасар Нұрислам, III орынды Ербол Әзиз иеленді. Ал арқан тарту сайысына кент және ауылдық округтегі спортшылардан құралған 9 команда жеңіске таласты. Тартысқа толы арқан тартыс нәтижесінде I орынды «Бұқарбай батыр» ауылынан келген спортшылар еншілессе, II орын «Наркескен» спорт клубының командасына бұйырды. Ал үздік үштікті «Еңбек» ауылының жігіттері туйындады.

Қоныс тойын тойлаған аудандарға ағайынның қуанышына бізде ортақтасып, ақ тілегімізді жаудырып қайттық.

Ақтоғы ЕРЖАНҚЫЗЫ

# Жалағашта жол сапасы жақсарған

Шыны керек, соңғы жылдары ауданда жол сапасына айтарлықтай басымдық берілді. Әсіресе ауыл мен ауылды жалғайтын жолдар, елді мекендердегі ішкі көшелер жөндеуден өтіп, ел ішіндегі тұралаған мәселелер шешімін табуда. Былтырдың өзінде аудандағы жолдар мен ішкі көшелерді жөндеу бойынша 5 жобаға қазынадан 1 млрд 293 млн теңге қаржы қаралды. Тиісті қаражатқа Бұқарбай батыр, Аққұм, Есет батыр ауылдарының 17 көшесіне және М.Шәменов ауылының кіреберіс автомобиль жолын күрделі жөндеу, Таң ауылындағы екі пәтерлі 10 тұрғын үйге кірме автомобиль жолын салу жұмыстары жүргізілді.



Фото: ашық дереккөз

Есет батыр ауылының тұрғыны Кенжетай Табақбаев осыған дейін ауылдағы ішкі көшелердің сапасы төмендегенін айтады. Ауыл ардагері соңғы жылдары Аламекекте жол сапасына мән берілгеніне риза. Сөзінше, былтырдың өзінде батыр атындағы ауылда 5 көшеге асфальт төселген.

– Жыл сайын ауданға қарасты ауылдарда жол құрылысы жүріп жатқанын көріп қызығатынымыз. Шыны керек, Аламекекте асфальтты айтағанда тас төселмеген көшелер де бар. Екі мыңға жуық халқы бар ауылда тұралаған мәселелерді басым бөлігі осы жол сапасына қатысты. Аудан әкімінің ауылға осыған дейінгі сапарында бұл мәселені назарына салдық, сөзіміз жерде қалмады. Былтыр ауылда 5 көше

күрделі жөндеуден өтті. Өзім Бөлебай би көшесінде тұрамын. Елді күрделі жөндеуден өткен көшелер қатарында Бөлебай би көшесі де бар. Біздің көшеге асфальт былай тұрсын тас таселмеген еді. Халықпен кездесуінде аудан әкіміне құрығанда тас төсеп беруді сұрағанбыз. Мәселемізге жүрдім-бардым қарамады. Қазір айнадай тегіс көшенің бойында тұрып жатырмыз. Бұйыртыс басқа да ішкі көшелер сапасына мән беріледі деп ойлаймын, – дейді ауыл ардагері.

Ақсақалдың сөзінің жаны бар, шынында Аламекекте осыған дейін жол сапасына айтарлықтай көңіл бөлінбеді. Тіпті бір жылда 5 көшеге бірдей күрделі жөндеу жұмыстарының жүруі ауыл тарихында бұған дейін болған емес. Сондықтан жағымды жаңалыққа ауыл

ардагерінің қуанатындай жөні бар. Ауыл әкімі Дәулеткерей Тәжібаев та ауылдың инфрақұрылымын жаңартуға өз үлесін қосып отыр. Ол жақсы бір жобаны қолға алған. Мәселен, биыл Есет батыр елді мекеніндегі электр жарығы жаңғыртылған. Дәл осы сәтті Дәукең тиімді пайдаланып отыр. Жергілікті шаруашылықтарды ауылдың көркеюіне жұмылдырып, ішкі көшелерге жарықшамдар орнатуға демеуші етті. Бұдан ауылдағы ағайынның ауызбіршілігін аңғару да қиынға соқпайды.

– Жалпы сауалыңыздың басым бөлігі жол сапасына қатысты болғанын ауылдағы ішкі көшелердің жөндеу жұмыстарына қатысты ғана мәліметтерді айтып жатырмын. Негізі ауылда басқа да жағымды жаңалықтар

жетіп артылады. Соңғы екі жылдың өзінде жаңа айтып отқан 5 көшенің күрделі жөндеуінен бөлек жаңа ауылдық емхана пайдалануға берілді. Электр жарығы жаңарды. Енді ауыз су жүесі кеңейтілмек. Электр жарығына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген бағаналар да ауысты. Оны тек бір мақсатқа пайдаланбай жарықшамдар орнатуға кірістік. Шаруашылық төрағаларына ой салдық, олар қолдай кетті. Қазір төрағалар демеушілігімен бірнеше көшеге жарық жүргізілді. Алдағы уақытта бұл жұмыстар жалғасын табады, – дейді ауыл әкімі.

Біздің айтып отырғанымыз, бір ғана ауылдағы жол құрылысы. Дәл осы қарқынды басқа да елді мекендерде жол сапасына ерекше көңіл бөлінді. Кешегі

БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудан әкімі Ардақ Ибраимов биыл да игі дәстүр жалғасын табатынын айтты. Демек, ауданда елі де жол мәселесімен күрес жалғаспақ.

Биыл ауданның жол саласын дамытуға қазынадан жалпы құны 1 млрд 731 млн теңге қаралған. Тиісті қаражатқа 24,6 шақырымды құрайтын автомобиль жолдары және ішкі көшелер жөндеуден өтпек. Тарқатып айтсақ, 2,3 шақырымды құрайтын «Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбаев көлі» аудандық маңызы бар автомобиль жолына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Мұнан бөлек «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 22,3 шақырымды құрайтын Жалағаш кенті мен 5 елді мекенде 35 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Оның ішінде Жалағаш кентіндегі 11 ішкі көше күрделі жөндеуден өтеді. Олардың қатарында М.Байтөреев, Бұқарбай батыр, А.Ізтелеуова, Б.Алтынбаев, А.Байсопақов, С.Сейфуллин, М.Мәметова, Шоңбай аяқ, Ә.Молдағұлова көшелері бар.

Дәл осындай жұмыстар ауылдық елді мекендерде де жалғасын таппақ. Мәселен, биыл Мөрәлі Шәменов ауылында 2 ішкі көше күрделі жөндеуден өтеді. Ал шалғайдағы Жандарияда 3 ішкі көшенің сапасына мән беріледі. Бұған дейін ауыл тұрғындары елді мекендегі Қ.Сәтбаев, Жандария, Достық, Мектеп көшелерінің сапасы сын көтермейтінін аудан әкімінің назарына салған. Елдің мәселесі ескеруісіз қалмады, биыл Жандарияда жол құрылысы қарқын алатын болды.

Аққырда да дәл осы жылы жол сапасына қатысты жеке жобалар қолға алынбақ. Мәселен елді мекендегі 5 ішкі көше биыл күрделі жөндеуден өтеді. Ал Еңбек ауылындағы 3 ішкі көшеге де тиісті жұмыстар жасалмақ. Былтыр Аққұм ауылында бір жылда 10 көше күрделі жөндеуден өткен. Биыл дәл осы қарқын Бұқарбай батыр ауылында жалғасады. Мәселен, батыр атындағы ауылда 11 көшенің сапасына тиісті жұмыстар жасалады. Ал Қаракеткен мен Далдабай ауылдарындағы 16 көшені күрделі жөндеу де биылғы жылдың өңірінде.

– Кент іргесіндегі ауылда жол сапасына қатысты мәселе жоқ емес. Бастысы, талап-тілегімізді Ардақ Әбдігәппарұлы назарына алды. Аудан орталығынан жеткен жағымды жаңалыққа бір марқайып қалдық. Былтыр да ауылда жол сапасына мән берілген. Биыл осы дәстүр жалғасын тапқалы тұр. Кейде басқа да ауылдарға барамыз. Шыны керек, соңғы жылдары ауылдарда жол сапасының жақсарғанын аңғару қиын емес. Негізінен елдің негізгі мәселесі жолға қатысты болатын. Қазір шүкір ғой, оның бәрі кезек-кезеңімен шешімін тауып жатыр, – дейді Бұқарбай батыр ауылының тұрғыны Нұркен Исатаев.

«Жолдың жайын жүрген біледі» қазір қатынас артқан қоғамда жол сапасына қатысты мәселе туындамауы тиіс. Ал Жалағашта бұған қатысты қолға алынған жарқын жобалар жемісін беруде.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Сапар

## Серіктестік жұмысында серпін бар



**ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалин Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен келді. Вице-министр Таң ауылдық округінде орналасқан «Агро-Лидер Таң» ЖШС жұмысымен танысып, ет және ет өнімдерін өңдеу мен консервілеу жұмыстары бойынша субсидиялау мәселесін талқылады. Сонымен қатар өндіріс орынының нормативке сәйкес кеңейтілуі қажеттілігі айтты.**

Сапар барысында Аманғали Бердалин Таң ауылдық округіндегі ветеринариялық пункттің жұмыс барысымен танысып, жұпалы аурулардың алдын алу бағытында атқарылып жатқан шараларға көңіл бөлді. Сонымен қатар осы пункт ғимаратын жеке қаражат есебінен салып бергені үшін Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаевқа алғысын білдірді. Бұл нысан төрт түліктен тарайтын аурулардың алдын алу жұмыстары үшін маңызды екенін атап өтті.

Жалпы Еңбек Ерінің ауылды көркейтуге, жергілікті халықтың тұрмыс сапасын арттыруға қосқан үлесі зор. Ауылда Имамзада Шағыртаев негізін қалаған «Таң ЛТД» шаруа қожалығы бірнеше жылдан бері ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеумен айналысады. Шаруашылықтың жалпы егістік көлемі – 5236 гектар. Оның ішінде Сырдың басты дақылы күріш – 3000 гектар. Мұнан бөлек 1480 гектар жоңышқа да бар.

Шаруашылық егісті әртарап тандырып, суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беріп келеді. Жыл сайын Сыр салысынан бөлек жүгері, мақсары, және басқа да бақша дақылдарынан мол өнім алууда.

Бүгінде шаруашылықтағы төрт түлік саны мыңға жуықтаған. Іскер азамат шаруасын ширатып, қаншама ауыл тұрғынын жұмыспен қамтып отыр.

2011 жылдан бастап шаруашылықтың техника паркі түгел жаңартылған. Серіктестік жалпы құны 1,8 млрд теңгені құрайтын 6 күріш оратын және 13 күріш бастыратын «Джондир» комбайны, 10 лазерлік жер тегістегіш, 36 трактор, 13 автомашина, 2 астық тиегіш, 1 экскаватор, 2 погрузчик, 1 автогрейдермен қамтылған. 2012 жылы облыста алғаш рет жалпы құны 30 млн теңгені құрайтын жаңа технологияларды пайдалану отырып, тамшылатып суару әдісімен картоптың «Gala» сұрлын өкті. 2019 жылы «тұқым шаруашылығы» статусын алып, аудан шаруашылықтарын 1 репродукциялы «Лидер» сұрпымен қамтамасыз етті. Сапалы тұқым дайындау үшін 86 млн теңгеге тұқым тазалау қондырғысын алдырды.


Кәсіпкер осыған дейін жалпы құны 400 млн теңгені құрайтын үлкен 2 күріш зауытын іске қосқан. Қазіргі таңда өндіріс орнында бірнеше адам тұрақты жұмыс жасайды. Тәулігіне 200 тонна күріш ақтайтын қос цехта күрішті егуден бастап, сатуға дейінгі жұмыстар бір ізге түскен. Соңғы жылдары іскер азамат

Ресей, Иран, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттеріне 2 мың тонна күріш экспорттады.

Қазір аяқ су қат болған шақта суды үнемдеу ерекше маңызға ие. Оны өз Жолдауында Мемлекет басшысы да айтқан болатын. Имамзада Шағыртаев басшылық еткен шаруашылықта ақсуды үнемдеу де жолға қойылған. Суды 60-70 пайызға үнемдеу және ауыл шаруашылығы саласын әртарап тандыру мақсатында қытайлық инвесторлармен бірге Шиелі ауданында жалпы көлемі 3 мың гектар жерге жүгеріні тамшылатып суару әдісімен егу жобасын қолға алды. Жобаның жалпы құны – 1,2 млрд теңге.

Мұнан бөлек Еңбек Ері 2018 жылы жалпы құны 150 млн теңгені құрайтын ет өңдеу цехын салып, бүгінде жартылай дайын өнімдерді әзірлеуде. Қазір өндіріс ошағы тәулігіне 1 тонна консервіленген ет шығарады.

Еңбек Ері қай жерде кәсібін бастаса, сол өңірдің халқының әлеуметтік жағдайы оны бейжай қалдырған емес. Туған жерін түлету мақсатында да ауылынан ілкімді жобаларды қолға алып, елдің игілігіне жұмыс жасады. Осыған дейін Таң ауылдық округіне жалпы құны 1 млрд теңгеден астам демеушілік етті.



Іскер азамат туған жерінде жалпы құны 300 млн теңгеге 120 орындық «Таң бөбегі» балабақшасын салып берді. Қазіргі таңда онда 21 адам жұмыспен қамтылған. 56 млн теңгеге спорт кешенін ашып, қаншама адамның тұрақты жұмыспен қамтылуына тек ауылдың әлеуетіне ғана емес, жастардың да болашағына алаңдайтын азамат екенін аңғару қиын емес.

Мұнан бөлек кәсіпкер 70 млн теңгеге Таңда Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ардагерлерге арналған ескерткіш орнатты. 2021 жылы ауыл үшін абаттандыру мақсатында 130 млн теңгеге үлкен М-32 трассасы мен ауыл ортасындағы жол бойына жарық шамдарын орнатып, көшенің қос бетіне қоршау жұмыстарын жүргізді.

Шаруашылық өңбеккерлерін ынталандыру және өңбек өнімділігін арттыру мақсатында 2011 жылдан бері жыл сайын үздік нәтиже көрсеткен диқандар мен механизаторларға 6 жеңіл автокөлік, 300 млн теңге қаржылай сыйақы беруді дәстүрге айналдырды. Ігі дәстүр былтыр да жалғасын тауып, серіктестік өңбеккерлері темір тұлпар тақымдады. Енді Еңбек Ері аудандағы әлеуметтік аз қамтылған 10 отбасына тұрғын үй салуда. Осындай игі істердің нәтижесінде И.Шағыртаев меценаттық қызметі үшін республикалық «Жомарт жүрек» байқауында «Туған өлке» номинациясын иеленді. Қазақстанның Еңбек Ері атанды. Бір сөзбен айтқанда, адал өңбек етті, сол өңбек ердің атын шығарды.

Сапар барысында Аманғали Бердалин Имамзада Шағыртаевтың ауылдағы ауқымды жобаларына ризашылығын білдіріп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Кеше ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалин облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен кездесті. Басқосуда өңірдің ауыл шаруашылығы саласында атқарылған жұмыстар мен қолға алынған жобалар талқыланды. Сонымен қатар егісті әртарап тандыру, су ресурстарын тиімді пайдалану және өндіріске жаңа технологияларды енгізу мәселелері көтерілді.

Аймақ басшысы мемлекеттік қолдаудың арқасында мал басы тұрақты өсіп, өндірілген өнім көлемі артқанын атап өтті. Суармалы жерлерді тиімді пайдалану, мал шаруашылығын дамыту, жергілікті өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және саланы

цифрландыру оңтайлы шешімін тауып келеді.

Айта кетейік, өткен жылы мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруда, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуда субсидиялау бюджеттік бағдарламасы бойынша 623 тауар өндірушіге субсидия төленген.

Өндіріс балық шаруашылығын дамыту бағдарламасына сәйкес 2030 жылға қарай 16 мың тоннаға дейін балық өсіру жоспарлануда. Тауарлы балық өсірумен 93 шаруашылық айналысады. Былтыр 1001,2 тонна балық өсіріліп, белгіленген көрсеткіш толық орындалды. Былтыр 1426 тонна жеке өндірілген. Ветеринариялық іс-шараларды уақытылы жүргізгеннің нәтижесінде аймақтың эпизоотиялық жағдайы тұрақты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Сұхбат

## Салық базасын ұлғайту – негізгі міндет

**2024 жылға бекітілген аудан бюджеті 10,2 млрд теңгеге қалыптасты. Жыл көлемінде 12,2 млрд теңгеге нақтыланып, 99,7 пайызға атқарылған. Өз кірістеріміз 2,1 млрд теңгені құрап, жеке 100,3 пайызға орындалды. Шыны керек, бұрын салықтан түскен қаржы бойынша межені орындаудың өзі қиын еді. Салық саласындағы атқарылған жұмыстар мен алдағы мақсат-міндеттерді білу үшін аудандық кірістер басқармасының басшысы Руслан Байғазиевпен сұхбаттасқан едік...**



– **Руслан Жақсылықұлы, өзіңіз басқарып отырған мекеменің жұмысында жүйе қалыптасқанын жоққа шығара алмаймыз. Жалпы соңғы жылдары өз кірістеріміздің артуын немен байланыстырамыз? Бұл тұралаған салыққа қарыз жандардың қарызының түсуінен бе? Әлде ауданда салық төлеуші кәсіпорындар қатары артты ма? Алдымен өңімімізді осы сауалдардың жауабымен бастасақ...**

– Жалағаш ауданы бойынша 2025 жылға дейін 433 заңды тұлға, 2 274 дара кәсіпкерлік субъектісі, 2 сот орындаушы, 1 жеке нотариус, 1 адвокат және 425 шаруа және фермер

қожалығы салық төлеуші ретінде тіркелген. Ал ауданның халық саны 32 293 болса, бұл көрсеткіш жалпы халық санының 11 пайызын құрайды.

Енді жалпы болжамның орындалуына келсек, Жалағаш ауданы бойынша былтыр мемлекеттік бюджетке 3170632 мың теңгеге болжамдалып, 3203850 мың теңге түсім түсті. Яғни жеке 33218 мың теңгеге артық орындалды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда түсім 571679 мың теңгеге артық түсіп, өсу қарқыны 122 пайызды құрады.

Оның ішінде республикалық бюджетке 1021209 мың теңге болжамдалып, 1047365 мың теңге түсті. Меже

26156 мың теңгеге артық орындалды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда түсім 312574 мың теңгеге артық түсіп, өсу қарқыны 143 пайызды құрады.

– **Салық базасын ұлағайту, қосымша кіріс көздерін анықтау бағытында нендей жобалар қолға алынады? Жалпы оның жергілікті түсіміді арттыруға пайдасы бар ма?**

– Жергілікті бюджетке 2149423 мың теңге болжамдалып, 2156485 мың теңге түсім түсті. Болжам 7062 мың теңгеге артық орындалды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда түсім 245098 мың теңгеге артық түсіп, өсу қарқыны 112,8 пайызды

құрады.

Салық базасын ұлғайту, қосымша кіріс көздерін анықтау бағытындағы атқарылған жұмыстар жоқ емес. Мәселен, салық базасын ұлғайтуда былтыр жыл көлемінде қосымша бюджетке төленетін кіріс көздерін іздестіру мақсатында камералдық бақылау, салықтық есептіктерге талдау, салық төлемгерлермен әңгімелесу, түсіндірме жұмыстарын жүргізу, уәкілетті органдар тапсырып отырған мәліметтерге салыстырмалы жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде республикалық бюджетке жалпы қосымша 202743,1 мың теңге түсірілді. Атап айтқанда, «Корпорация Алем-құрылыс» ЖШС-дан 51079 мың,

«Агрохолдинг Кызылорда» ЖШС-дан 3690 мың, «Dihan Ata» ЖШС-дан 4492 мың, «Агрохимсервис-С» ЖШС-дан 70890 мың, «Егінші» ЖШС-дан 6226,1 мың, «Каспий Петролиум» ЖШС-дан 66366 мың теңге қосымша бюджетке төлем жасалды.

Жергілікті бюджетке қосымша 171 948,1 мың теңге түсті. Атап айтқанда, табыс салығы бойынша жалпы 51220,2 мың теңге қосымша түсірілді. Оның ішінде «Каспий Петролиум» ЖШС-дан 21198 мың, Жалағаш аудандық ветеринариялық станциясынан 2122,2 мың, «КазГосПроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 17092 мың, «Таң» шаруа қожалығынан 4200 мың, «Манақ баба» шаруа қожалығынан 6608 мың теңге түсті.

– **Жеке табыс салығы және әлеуметтік салықтың орындалу барысы қалай?**

Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша талдау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 2022-2023 жылдарға 115 салық төлеушіге хабарлама берілді. Нәтижесінде салық төлеушілер тарапынан қосымша салық есептілігі тапсырылып, бюджетке 28316,3 мың теңге төленді. «Таң» шаруа қожалығынан 1200 мың теңге, «Манақ баба» шаруа қожалығынан 1775 мың теңге түсті.

Заңды және дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салықтарға келсек, 8382 мың теңге қосымша салық берешегі бюджетке түсірілді. Бұрынғы жер салығы бойынша 14907,1 мың теңге қосымша бюджетке түсірілді.

Жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық бойынша 14 362,5 мың теңге салық берешектері өндірілді. Басқа да түсімдер бойынша 51785 мың теңге қосымша түсім орындалды.

– **Жалпы жергілікті түсімді еселеуде көлеңкелі бизнеспен күресудің пайдасы мол. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?**

– Былтыр жыл көлемінде басқарма тарапынан жүргізілген тексеру жұмыстарының нәтижесі бар. Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы арқылы көлеңкелі экономиканың алдын алу бағытында салық органдарында тіркеу есебіне тұрмай, дара кәсіпкер ретінде тіркелмей кәсіпкерлік қызмет түрін көрсетіп жүрген тұлғаларды, рұқсат қағазсыз алкогольдік өнімдерді бөлшек саудада сататын тұлғаларды,

жекелеген қызмет түрі бойынша тіркеу есебіне тұрмай мұнай өнімін сатумен айналысқан, бақылау кассалық машинасын және Post-терминалдарды орнатпаған кіші және шағын кәсіпкерлік субъектілерін анықтау мақсатында 2024 жылы 24 тұлғаға қатысты құқық бұзушылық анықталды. 16 тұлғаға ескерту шарасы қолданылып, сот шешімімен 8 тұлғадан 413,6 мың теңге айыппұл өндірілді. Оның ішінде алкоголь өнімдерін лицензиясыз және ілеспе құжатсыз сақтаумен, сатумен айналысқан 4 дара кәсіпкерден 949 шөлмек (468 литр) алкоголь өнімдері тәркіленді. 1 дара кәсіпкерден 9 дана белгіленбеген үлгідегі заңсыз «ВОН» темекі өнімдері тәркіленді. 1 жеке тұлғадан 100 литр мұнай өнімдері тәркіленсе, заңсыз жолушы тасымалымен айналысқан 1 жеке тұлғаға айыппұл хаттамасы толтырылды. Жекелеген қызмет түрі бойынша тіркеу есебіне тұрмай мұнай өнімін сатумен айналысқан 1 жеке кәсіпкерден 5898 литр мұнай өнімдері тәркіленді.

Жоғарыда аталған заңсыз кәсіп иелеріне тиісті хаттамалар толтырылып, аудандық соттың қарауына жолданған Жолданған іс құжаттарға сәйкес сот шешімі арқылы заңсыз өнімдері мемлекет пайдасына тәркілене отырып, айыппұл өндірілген. Құқық бұзушы дара кәсіпкерлер мен жеке тұлғаларға заң аясында тиісті түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

– **Салықтық берешектері бар азаматтармен қандай жұмыстар жасалауда?**

Аудан бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерден салық бересі 16 786,2 мың, салық берешегі 17 199,8 мың теңге болса, 2025 жылдың қантар айына дейін салық бересі 25684,6 мың теңгені, салық берешегі 28981,4 мың теңгені құрады. Жеке тұлғалардың көлік салығы бойынша жыл басына салық бересі 4748,7 мың теңге, салық берешегі 6898,3 мың теңге болса, 2025 жылдың қантар айына дейін салық бересі 4436,8 мың теңгені, салық берешегі 6790,1 мың теңгені құрады. Алдағы уақытта салық базасын ұлғайту мақсатында тиісті жұмыстарды атқарамыз.

– **Бүкпеліз өңімімізге рақмет!**

Сұхбаттасқан Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Таным

# Көбен дегенше, емен десейші

**Көбен Байкөбеков – Қармақшы мен Жалағаш өңірлеріндегі белгілі тұлғаның бірі. Аламеңкегі түземдік училищесіде оқуын бастап, кейін Қызылордадағы мектептен жетінші сыныпты бітіреді. Темірбек Жүргенов, Бағылан Мұхтаров секілді басқа да елдің ертеніне қалтқысыз еңбек сіңірген тұлғалармен бірге оқыған.**

Ұрпақтарының айтуынша, 1888 жылы Байкөбектің отбасында дүниеге келген. Ал мендегі архивтік құжаттарда (Келдібай Шонымовтың ісі бойынша) 1915 жылы 1 маусымдағы сотқа куә ретінде Көбен Байкөбеков: «... Өзінің Қышбөгет болысының писары болғанын және 1913 жылдың 25 қыркүйегінде жиналыстың өткенін, құжаттардың тиісті жерге жіберілгенін жазыпты. Басқа сұралғандар да осылай жауап бергендіктен К.Шонымовтың ісі 1915 жылдың 30 сәуірінде Ташкент округы сотының шешімі тоқтатылған.

Осында сотқа берген жауабында Көбен Байкөбеков былай жазыпты: «... Мен 18 жаста Қостан болысының №1 ауылының тұрғынымын, сауатым бар» – депті. 1913 жыл Сонда 18 жасты 1913 жылдан алып тастағанда 1895 жылды көрсетеді. 1920 жылғы архивтік құжатта Көбен Байкөбеков 27 жаста Қышбөгет болысының хатшысы делінген.

Әкеміздің досы, құрдасы ретінде қатысқандықтан Көбекенді және архивтік жазылымға сүйеніп 1891-1893 жылдары туған деу дұрыс болар. Көбен есімін жастайымыздан естіп өстік. Талай мәрте Дайрабай, Майлыбайлардың (біздің үйіміз) үйінен дәм татқан сыйлы қонақтардың бірі болды. Біздің туған жиеніміз Әбен Тоғызбаевты қатарлас оқушылар. «... Әбен, Көбен» деп мазактайтын. Сонда Әбекен марқұм «Көбен болсам, болайын» деп мақтанып-нәпсілен жауап беретін.

Көбенің сол Әбен Тоғызбаев өз кезегінің Көбені болды. Бірінші Жақаевшы, «Ленин» орденді азамат ретінде елге танылды. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген осы болар.

К.Байкөбеков 1924-1925 жылдардан бастап болыстық атқару комитеті мен әскери комиссариат, яғни Қызылорда қаласы және Қармақшы ауданындағы әскери комиссариатта қызмет атқарған (1930-1943). Өзінің екі аяғының салдығына қарамай қажырлы еңбек етеді.

1944 жылы туған ауылы «Мақпалкөлге» көшіп келіп, көршілес Жаңаталап колхозының төрағасы болып 2 жылға жуық қызмет істеген. Мұнда да абыройсыз болған емес. К.Байкөбековтың мұнан кейінгі қызметі қаржы саласының агенті болумен жалғасып, зейнеткерлікке шығады. Әбдіраман Елдесовтың (Жалағашта) қамқорлығын көреді.

Көбен Байкөбековпен қатарлас қыз-



Фото: ашық дереккөз

мет атқарған Бисенбай Қасқырбаев, жалағаштық ақын Төлеубай Үркімбаевпен айтысында:

«... Баласы Байкөбектің Көбен деген, Бастығы Жаңаталап колхозының. Орнынан мұрттай ұшып түсіп неден? Он бес жыл Қармақшыда іс атқарып. Ешкімнің де жоқ еді ақын жеген» деп 1945 жылы жазыпты.

Демек «К.Байкөбеков 1930 жылдан бастап Қармақшы ауданында қызмет атқарған» деп білеміз.

Көбен әкеміздің шежірелік ата жолын таратқанда былайша өрбиді. Атан Сарыбайдан (бір тармағынан) Аргынбай, одан Түменбай. Түменбайдан Боқай, одан Байкөбек туған. Міне, Көбен әкеміздің әкесі Байкөбек, одан Көбен, Кемел тараған. Боқай жалғыз емес, одан Көнежөке, Байкөбек, Еркөбек өрбиді.

Көбен әкемізден – Науат пен Тындыбек. Кемелден – Өміртай, Сәндібек.

Көбеннің бірінші әйелі Үрістек мырзаның қызы Ақгүл өмірден ерте өтіпті. Қызы Науатты көзіміз көрді, атақты Шаймағамбет ахунның бел баласы Үдірқызы Ақмырзаевтың жұбайы болды.

Көбекен екінші рет үйленген Әкесі Байкөбек пен Боқайдың есімі сирек те болса архивтік құжаттарда кездеседі. Оны 85 жаста деп жазыпты. Сонда ол кісі 1840-1841 жылдарда өмірге келген болады.

Көбен ақсақалдың туған інісі Кемел – ел қатарлы өмір сүрген, колхозшы болған шаруа адамы. Оның құдай қосқан қосағының есімі – Құлпаш. Баласы Өміртайдың айтуынша, Кемел 1890 жылы туып, 1846 жылдың 15

наурызында өмірден өтсе, әйелі Адамбай сарғасқа Шағатайқызы Құлпаш 1971 жылы Мақпалкөлде қайтыс болған. Бұнымен қоса Өміртай әкесінің 13 түйесін колхозға өткізіп, мүше болғанын да және олардың қазіргі Т.Жүргенов ауылындағы «Айқожа» қорымына жерленгенін де хабардау өткенді.

Көбеннің әкесі Байкөбек те осал кісі болмаса керек. Елге ақсақалдық жасапты. Оны атақты ақын Кете Жүсіп Жұбаниязбен айтысында:

«... Байқожа, Байкөбекпен әм Жабағы, Қорықса «қой» деп айтар, бір құдайдың» депті.

Демек Байкөбекті билердің қатарына қосқаны ғой.

Көбен ақсақалдың көзін көрген, қолына су құйып, ет асағандардың бірі: Социалистік Еңбек Ері, ақын ағамыз Ұзақ Еспановтың «Туған ауыл туралы толғаныс» атты өлеңінде:

«... Көбен мен Торғай, Есіркеп, Сөздерің құнды жібектей. Құрметтен халық сыйлаған Кезі едің қалған көненің» деуінде үлкен мән-мағына жатыр.

Ел арасында «... Көбен кесіп айтады, кесіп айтпаса, шешіп айтады, Көбен дегенше, емен десейші» деген сөздер айтылады. Көбеннің қатарластары Төлеген, Дайрабай, Майлыбай, Әбдікерім, Есіркеп тағы басқалармен болған әдемі, қалжың сөздері де ұмытылып барады. Көп білетіндердің бірі баласы есепті Өміртай да бүгінде (86 жаста) ұмыта бастапты.

Көбекен өмірден ерте өткен інісі

Кемелдің балаларынан қамқорлығын аяған емес. Оның қызметін (қосшы) жасаған бала Өміртай бүгінде №16 ауылдағы қазыналы қария атанған, ел мен жер, ата-тең шежірелерді жақсы білетіндердің басында. Сексеннің сегізінше шыққан Өмекенді Қызылорда облысының біраз жерінен іздеп келушілердің қарсы мол Олардың арасында ғалымдар, журналистер де бар.

Өмекен Алматыға арнайы шақыртумен келіп «Айтуға оңай» бағдарламасында сұхбат берсе, бірнеше рет «Қызылорда» телераионында кездесу өткізіп, сұхбаттарын жазып алған-ды.

Өміртай ақсақал бақташы да, механизатор да, күршіші де болды. Соған қарамастан қазынакеуде қариялардың сөзін тыңдап өскен ол бұл күндері өзі де қазыналы қарияға айналғанын сезбей қалды.

Көбен Байкөбеков ел-жұрты ардақтан азамат болды. 1960 жылы Мақпалкөлде өмірден өтіп, жамбасы «Айқожа» ишан қорымына тиді.

Шынында, сөзі шымыр, алғаусыз сөз айтатын Көбекенді жұрт «Көбен дегенше, емен десейші» дейтін. «Бұл теңеу – ол кісіге жасалған үлкен құрмет» деп білуіміз керек. №16 ауылдағы белгілі ақсақалдың бірі ретінде Көбен Байкөбекұлын атадым.

**Тынышбек ДАЙРАБАЙ, зерттеуші, жазушы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

## Сыбайлас жемқорлық бәрінен қауіпті

Мемлекеттік стратегияның негізгі басымдығының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейі тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтамыз. Осы ретте «AMANAT» партиясының аудандық филиалының мәжіліс залында төтенше жағдайлар бөлімімен бірлескен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және алдын-алу бойынша дөңгелек үстел өтті.

Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Еркін Назарқұлов сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша аталған бөліммен профилактикалық шаралар өткізіп, мұнда 4 қызметкер жұмыс істейтінін және №11 өрт сөндіру бөлімінде 35 қызметкер, 3 өрт сөндіру техникасы барын атап өтті.

– Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің дамуын тейейтін қауіпті құбылыс. Оның жолын кесу барлығымыздың күнделікті жұмыстағы тікелей міндетіміз бен азаматтық борышымыз. Еліміздің әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білуі керек. Яғни кез келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында сыбайлас жемқорлықтың зардабын айтып, оның алдын алуы керек. Жемқорлықты жоюдың тиімді тетігі де осы, яғни әр адам онымен күресті өзінен бастаса әрбір істе нәтиже болары анық. Себебі сыбайлас жемқорлықпен күрес – бүгінгі күннің басты талабы, – деді аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы.

Аталған жиналға «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева қатысып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«ЖЖ» ақпарат

## Кітапхана қоры толықты

«AMANAT» партиясының «Кітап-AMANAT» партиялық жобасы аясында «Халықаралық кітап сыйлау күніне» орай азаматтардың және жастардың арасында кітап оқу мәдениетін насихаттау, көркем әдебиетті оқуға ынталандыру және шығармалармен бөлісуге шабыттандыру мақсатында үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп отырып, «Руханият» орталығында орналасқан аудандық кітапхана қорына кітаптар сыйға тартылды. Аталған шараны аудандық аадагерлер кеңесінің төрағасы Садық Шәліұлы ашып, жастардың жиі кітап оқу керектігін тілге тиек етті.

Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін-өзі тануға көмектеседі, оны оқу арқылы өткен тарихында, болашағында біле аласың.

Осы ретте аталған шараға кент арадагерлер кеңесінің төрағасы Құлмаханов Қожантай, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Кәрімов Рысбай, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, қарымды қалагер Бертаев Серік, аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының жетекшісі Құрманбаева Гүлзат, аудандық өкіл аппаратының маманы Ержанов Бексұлтан «AMANAT» партиясының аудандық филиалының атқарушы хатшысы Мұстафаева Қаншағұл және «Дарын», «Даму», «Денсаулық», «Мәдени мұра», «Жастар» бастауыш партия ұйымдарының төрағаларымен хатшылары қатысып, бірнеше кітаптарды жастарға таныстыру отырып, ауданымыздың кітапхана қорына сыйға тартты.

«AMANAT» партиясы мәдениетке, руханиятқа қашанда ерекше көңіл бөліп келеді. Оның ішінде, оқырмандарды кітап әлеміне қайта тарту үшін көптеген жауапты жұмыс атқарылып жатыр. Оның бір ғана дәлелі ретінде 2023 жылдан бастап партия қолға алған «Кітап-AMANAT» жобасы аясында ер өңірде кітап орталықтары ашылып жатыр. Партия өлем елдерінің осы саладағы озық тәжірибесін үлгі ете отырып, отандық әдебиетті дамытуға атсалысып келеді.

«ЖЖ» ақпарат

### Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық, республикалық, қалалық және аудандық газеттерде кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын газет бетінде орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық "Сыр бойы" газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сәйсеңбі, бейсенбі, сенбі күндері.

**Таралымы – 23445 дана.**  
Облыстық "Кызылординские вести" газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сәйсеңбі, бейсенбі, сенбі күндері.

**Таралымы – 6103 дана.**  
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны облыстық "Сыр бойы" және "Кызылординские вести" газеттерінде ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Республикалық "Ақмешіт жастары" газеті аптасына 1 рет шығады: бейсенбі күні. **Таралымы – 6829 дана.**

**Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:**

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

**Қалалық және аудандық газеттер бойынша:** Қызылорда қалалық "Ақмешіт апталығы", Арал аудандық "Толқын", Қармақшы аудандық "Қармақшы таңы", Жалағаш аудандық "Жалағаш жарышысы", Сырдария аудандық "Тіршілік тынысы", Шиели аудандық "Өскен өңір", Жаңақорған аудандық "Жаңақорған тынысы" газеттерінің шығарылымы аптасына екі рет: сәйсеңбі, сенбі күндері. Газеттердің таралымы – 2792 - 6081 дана аралығы. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны қалалық және аудандық газеттерінде ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Қазалы аудандық "Қазалы" газеті аптасына 2 рет шығады: сәйсеңбі, сенбі. **Таралымы – 5115 дана.**

Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде – 140 теңге.

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Республикалық "Ақмешіт жастары" газеті аптасына 1 рет шығады: бейсенбі күні. **Таралымы – 6829 дана.**

**Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:**

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

**Қалалық және аудандық газеттер бойынша:** Қызылорда қалалық "Ақмешіт апталығы", Арал аудандық "Толқын", Қармақшы аудандық "Қармақшы таңы", Жалағаш аудандық "Жалағаш жарышысы", Сырдария аудандық "Тіршілік тынысы", Шиели аудандық "Өскен өңір", Жаңақорған аудандық "Жаңақорған тынысы" газеттерінің шығарылымы аптасына екі рет: сәйсеңбі, сенбі күндері. Газеттердің таралымы – 2792 - 6081 дана аралығы. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны қалалық және аудандық газеттерінде ҚҚС қоса есептегенде:

TikTok: Video - 15000 теңге  
Stories - 10000 теңге  
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Республикалық "Ақмешіт жастары", Қызылорда қалалық "Ақмешіт апталығы", Арал аудандық "Толқын", Қазалы аудандық "Қазалы", Қармақшы аудандық "Қармақшы таңы", Жалағаш аудандық "Жалағаш жарышысы", Сырдария аудандық "Тіршілік тынысы", Шиели аудандық "Өскен өңір", Жаңақорған аудандық "Жаңақорған тынысы" газеттерінің ақпараттық агенттіктеріне (сайт) үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 2000 теңге (1 апта);
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта); Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 2000 теңге (1 апта);
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта); Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсыныған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мерекелік күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

**Мекен-жайымыз:** Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында), Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10/1058, e-mail: [smiarnama@mail.ru](mailto:smiarnama@mail.ru)  
Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады.

### Жалағаш ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

| № | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты) | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Жеке қабылдау күні мен уақыты      | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны        |
|---|--|---|------------------------------------|--------------------------------------|--------------------------|
| 1 | 2  | 3   | 4                                  | 5                                    | 6                        |
| 1 | Жапбасбаев Қайрат Ғалиұлы                                    | Бөлім басшысы                               | Күнделікті 15:00 ден 19:00ге дейін | Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3   | 8(72431) 31-9-95 32-3-82 |

### 2025 жылғы I тоқсанда «Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

| № | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты) | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Жеке қабылдау күні мен уақыты                | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|--|---|--|--------------------------------------|-------------------|
| 1 | 2  | 3   | 4  | 5                                    | 6                 |
| 1 | Ербол Ғабит Ербоұлы  | Бөлім басшысы                               | Бейсенбі күні сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін | Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3   | 32-6-15, 31-3-35  |

### 2025 жылғы 16 наурызға тағайындалған Аққыр ауылдық округі әкімінің сайлауына байланысты сайлау учаскесінің шекаралары

**№140 сайлау учаскесі**  
**Орналасқан жері:** Аққыр ауылдық округі, Аққыр ауылы, Нұрылда Таспенев көшесі №4, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің №188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
**Шекарасы:** Аққыр ауылы.

### Границы избирательного участка по выборам акима сельского округа Аккыр, назначенных на 16 марта 2025 года

**Избирательный участок №140:**  
**Местонахождение:** сельский округ Аккыр, село Аккыр, улица Нурылды Таспенова №4, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа №188» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области.  
**Границы:** село Аккыр.



**ӘРІПТЕСТЕРІММЕН  
ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ  
ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІМЕН  
ТАНЫСЫП,  
ОҢДАҒЫ БІЛІМ  
ОШАҚТАРЫНЫҢ  
БҮГІНГІ ЖАЙ-КҮЙІНЕН  
ХАБАРДАР БОЛУ  
МАҚСАТЫНДА  
ЖАСАҒАН  
САПАРЫМЫЗ  
ЖАҢАДАРИЯ  
АУЫЛЫНА ҰЛАСТЫ.  
ШАЛҒАЙ АУЫЛДАҒЫ  
БІЛІМ САЛАСЫ  
БӘСЕКЕГЕ ҚА-  
БИЛЕТТІ ҰРПАҚ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДА  
НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС  
ІСТЕП КЕЛЕДІ. БҮГІНГІ  
САПАРЫМЫЗДА  
ОСЫНДАЙ ОЙ ТҮЙДІК.**

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



## Шалғай ауылдағы орта мектеп

Алғашында бастауыш сыныптық, одан кейін сегіз жылдық негізгі білім беріп, 1970 жылдан бастап орта білім беретін білім ошағы әр жыл сайын жаңа бөлеске қол жеткізуде. Беріректе мектеп жанынан 25 балаға арналған «Береке» шағын орталығы ашылған. Мұнда қазір 3 пен 5 жас аралығындағы мектепке дейінгі 17 бала тәрбиеленуде. Сондай-ақ мектепалды даярлық тобында 4 бала тәлім алууда.

Жалпы аталған мектеп жаңа оқу жылын 102 оқушымен бастаған. Алайда қазір оның 95-і ғана мектепте білім алууда. Мектеп директоры Ерлан Жүсіпбековтың айтуынша 95 оқушының 18-і алғаш мектеп табалдырығын аттаса, 4 оқушы мектеп қабырғасынан түлемек. Аталған білім ошағында биыл ғылыми жоба, олимпиадаларда жүлделер атанғандардың үлесі артқан. Яғни ауылдағы алтын ұяның білімді жастары бірнеше рет жеңіс тұғырын бағындырып, ұстаздардың еңбегін еселей түскен. Мәселен жаңа оқу жылында ауыл мектеп оқушыларына арналған олимпиаданың аудандық кезеңіне информатика пәні бойынша 10-шы сынып оқушысы Ақтөре Қанатұлы қатысып, III орын иеленген. Мектеп мақтаншытары жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне белсене қатысқан. 7-8 сынып оқушыларына арналған кезеңінде Гүлсезім Мурибаева география пәні бойынша III орын иеленген. Ал олимпиаданың 9-11 сынып оқушыларына арналған бағытында 9-шы сынып оқушысы Перизат Дулатқызы қазақ тілі мен әдебиет пәнінен II орын иеленсе, 10-шы сынып оқушысы Шехризат Жақсыбай қазақстан тарихы пәнінен III орынға

тұрақтаған. Ал бітіруші түлек Ұлпан Амандық физика пәні бойынша білімін саралап, II орынға ие болған.

Мұнан бөлек «Зерде» шығармашылық конкурсында 3 оқушы жүлделі орынмен, 1 оқушы арнайы сертификатпен марапатталған.

Айта кетейік, мұнда балалар бір ауысыммен білім алады. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында түрлі үйірмелер жұмыс істейді. Мұндағы жастар спортқа бейім. Сондықтан да мектепте ашылған үйірмелердің басым көпшілігі спортқа бағытталған. Мұнан бөлек, домбыра мен қолөнер үйірмелері де бар. Аталған үйірмелердің ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері де жоқ емес. Мектеп оқушыларының 80 пайызы сабақтан тыс уақытын аталған үйірмелерге арнайды. Мәселен, оқушылар биыл бір спорттық мектеп оқушылары арасында «Біз нашаркорлыққа қарсымыз» ұранымен Айбол Естай, Әбіш Нұрас сынды оқушылар II, III орын иеленген. Ал гандболдан аудандық «Ұлттық мектеп лигасы» іріктеу жарысында ауыл жастары командалық есеп бойынша үздік үштікті түйіндеп, Фабиббек Мұхаммед «Үздік қорғаушы» номинациясын иеленген. Ал «Ұлттық мектеп лигасының» футбол турнирінен өткен сайыста мектеп мақтаншытары жүлделі I орынды иеленген. Сондай-ақ команда ойыншысы Айша Қойшығұл «Үздік шабуылшы» номинациясымен марапатталған. Мұнан бөлек 8 сынып оқушысы Шалқар Марат 2009-2011 жылы туылған жасөспірімдер арасында өткен асық ату сайысынан бас бейгені қанжығасына байлаған.

Мұнда жастардың салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған бірқатар шаралар қолға алынған. Яғни

2018 жылы мектеп жанынан дзюдо үйірмесі ашылып жұмыс істеуде. Спорт мамандарының ұйымдастыруымен мектеп қабырғасында тұрақты түрде спорттық ойын түрлерінен жарыстар өткізіліп тұрады. Ауыл жастарын аудандық сайыстарға қатыстыру, оларды ынталандыру, жаттықтыру жұмыстары күнделікті мектептің спорт залында жүргізіледі. Осы дзюдо күресіне қатысушы балалар бүгінде республика, облыс, аудан көлеміндегі турнирлерге қатысып, жүлделі орындарды иеленуде.

Бұл ауылдағы алтын ұяның абыройын асқақтатып жүрген оқушылардың бірнешеуі ғана. Әрине бұндай жетістіктің артында күндіз-түні үздіксіз ізденіс пен ұлағатты ұстаздардың ерен еңбегі бары анық. Бұл білім ошағында оқушылардан бөлек жүлделі орындар иеленіп жүрген ұстаздар да аз емес. Олар тек білім бөйгелеріне шәкірт баптап қана қоймай, өздері де үздіктер қатарынан көрінуде. Бүгінде мектепте 32 педагог жұмыс істейді. Оның ішінде 4 педагог-зерттеуші, 10 педагог-сарапшы, 10 педагог-модератор бар.

Ауылдағы білім ошағы барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Яғни оқушыларға пәндерді заманауи үлгідегі құрал-жабдықтар арқылы тереңірек оқып-білуге мүмкіндік қарастырылған. Мұнда робототехника саласы да қарқынды дамыған. IT саласына қызығушылық танытып, осы бағытта білім алуға талап қылған оқушылар қатары артқан.

Әріптестерім бүгінде білім саласында үздіксіз қызмет етіп, ұстаздық жолда қаншама шәкіртті шыңдап, оларға дұрыс бағыт бағдар беріп, қоғамға пайдалы тұлға қалыптастырып келеді. Әрине, шәкірттердің үздік болуы ұлағатты ұстаздардың біліктілігіне байланысты. Олар жыл сайын білім деңгейін арттырып, түрлі курстардан өтеді. Ұстаздардан білім алған түлектер оларға деген алғысын мектепке қамқорлық жасау арқылы білдіреді. Мәселен физика пәнінің мұғалімі болған ардагер – ұстаз Қасым Өтегеновтің балалары мектептегі физика кабинетін заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Біздің ұжым үшін ең маңыздысы ауыл балаларына сапалы білім беру, – дейді мектеп директоры.

Мұнда оқушыларды сапалы ыстық тамақпен қамтамасыз ету де бір ізге түскен. Міндетті оқу қоры есебінен 58 бала ыстық тамақпен қамтылса, оның 14-і бастауыш сынып оқушылары, ал қалғаны көпбалалы отбасыдан шыққан.

Быттыр мектепті 2 оқушы тәмамдаған. Мектеп директорының айтуынша екеуі де ҰБТ-ға қатысып, қазіргі таңда еліміздегі ЖОО-да білім алу мүмкіндігіне ие болған. Ал биыл 4 оқушы мектеп бітірмек. Олардың қатарында 1-еуі «Алтын белгіге» үміткер. Олар ата-аналары мен ұстаздары артқан сенімді ақтау үшін күндіз-түні ҰБТ-ға дайындық үстінде.

Бітіруші түлек Ұлпан Амандық білім бөйгесінде үздіктер қатарынан көрініп жүрген орат оқушылардың бірі. Түрлі байқауларда бақ сынап, қарым-қабілетінің арқасында жүлделі орындарды иеленіп жүрген ол бала күнінен сурет деген сырлы өлемді жанына серік еткен. Қатарынан екі жыл аудандық «Жас суретші» байқауында оның туындылары көш бастаған. Сондай-ақ «Үздік оқушы» атанып, «Жыл оқушысы» байқауында үздік үштікті иеленген. Бүгінде түрлі бағытта сурет салатын ол әлі де шығармашылығын шыңдай түсетінін айтты.

– Бала күнінен есеп шығарғанды жақсы көремін. Қазіргі таңда ҰБТ-ға тыңғылықты дайындық жүргізудемін. Таңдау пәні – математика. Мектептегі ұлағатты ұстаздарымыз жолын жалғап, менде мұғалім болсам деймін, – дейді озат оқушы.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, Ұлпанның озат оқушылар қатарынан көрінуіне ұлағатты ұстаздарының қосқан үлесі зор. – Ұлпан – мектебіміздің мақтаншысы. Ол 1 сыныптан бері үздік оқушылар қатарында көш бастап келеді. Мектепте қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, іс-шаралардың барлығына атсалысады. Білім, өнер сайыстарының барлығы Ұлпанның қатысуымен өтеді десем, артық болмас. Себебі ол – мектептегі жан-жақты, үздік оқушы. Оның болашағына зор үміт күтеміз, – дейді мектеп директоры Ерлан Қосымұлы.

Айта кету керек, ауылдағы алтын ұяда жыл сайын «Мектепке жол» акциясы аясында қайырымдылық шарасын өткізіп, ауылдағы балаларға қажетті құрал-жабдықтар арналасқан. Сондай-ақ өрттен зардап шеккен науқастарға алғашқы көмек көрсететін дәрі-дәрмек аймағы бар, – дейді ол.

Озат оқушысының аталған жобаларды дайындауға 1 айдан астам уақыты кеткен. Ол дәл осы байқауға алдыңғы жылы да қатысып, «Ауыл шаруашылығы мен техникаларын жабдықтаулар салалары» бойынша сынға түскен. Ол бұл бағытта бидай жинап, тасытып, оны тазартатын арнайы комбайн машинасын құрастырған. Нәтижесінде аудандық кезеңде жүлделі I орын иеленген. Ол алдағы уақытта та осы робототехника саласының дамуына өзіндік үлес қосып, басқа да тың жобаларды жарыққа шығармақ.

Мұнан бөлек, озат оқушы ғылыми жоба, олимпиада сынды білім бөйгелеріне де қатысып, жеңіс төрінен көрініп келеді. Мәселен, бытырғы оқу жылында ауыл шаруашылығының көрнекті қайраткері Социалистік Еңбек Ұзақ Еспановтың 95 жылдық мерей тойына орай 5-10 сынып арасында өткен «Еңбектен бақытын тапқан жан» тақырыбы аясында өткен ғылыми жоба да бас бейгені ешкімге бермеген.

Сонымен қатар Нұржан спортқа да бейім. Ол мектептегі футбол құрамасының белді ойыншысы. Оның алға қойған мақсаты айқын. Ол білім бөйгелерімен қатар спорт саласында да үлкен жетістікке жете бермек.



Өсен ТОҚТАСЫН, №124 орта мектептің орыс тілі пәні мұғалімі



## Жаңашыл ұстаз – мектеп мақтаншысы

**«Ел есінде бір жыл қалғың келсе, ас бер, он жыл қалғың келсе, ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе, бала тәрбиеле» дейді халқымыз. Мен үшін ең қасиетті де қасиетті мамандық – ұстаздық. Ұстаздық – дара нәм даңғыл жол. Бұл жол қажырлы еңбек пен үнемі ізденісті талап етеді.**

Өзім ұстаз болуды бала күнінен армандадым. Мен үшін ұстаз болу – мәртебе. Ал шәкірт – менің жүрегім.

Менің ұстаздық өмір жолым №124 орта мектепте 2023 жылы басталды. Әрине, қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін ұстаздық жолда түрлі қиындықтан өтіп, өзімді шыңдадым десем де болады. Ол өткен әрбір қиындықым болашақта білікті ұстаз атануыма себепші болды деп айта аламын.

Жаңашыл ұстаз қандай болу керек? Мұғалім шеберлігі қандай болмақ? Енді осы сауалдардың түйінін тарқатсақ...

Мұғалімнің әр сабаққа дайындаған тапсырмасының өзі бір деңгейде болмауы

керек. Сол себепті шығармашыл білім алушыға күрделі әрі сыни тұрғыда ойландыруға жетелейтін тапсырмалар беріп отыру керек. Осы арқылы біз баланы алған білімін өмірде қолдана алатын тұлға ретінде қалыптастырамыз. Сапалы білім берудегі негізгі міндет те, мақсат та осы.

Сапалы білім берудегі басты мақсат деп үш факторды айта аламын. Сыни тұрғыда ойлауға жетелеу, шығармашыл білім алушылардың талантын ұштау, алған білімді өмірде қолдана білуге дағдыландыру бәрінен маңызды. Мұны теорияны тәжірибемен ұштастыру десе де болады.

Міне, ұстаздың шеберлігі осында жатыр. Алған білімді бала тек біліп қана қоймай, өмірде қолдана алуы маңызды. Нәтижесінде біз өмірге бейім, кез келген тығырықтан жол таба алатын тұлғаны тәрбиелейміз. Осы үш факторды жүзеге асырғанда ғана бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға жол ашылады.

Ұлт жанышыры Ахмет Байтұрсынұовтың «Сендер адаспаңдар, арттарыңнан алаша адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар» деген сөзін әр ұстаз жадында ұстауы керек. Әр педагог өз шәкіртін еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын болашағы ретінде тәрбиелеу үшін барын да, жанын да салуы керек деп білемін.

Өсен ТОҚТАСЫН, №124 орта мектептің орыс тілі пәні мұғалімі

## Білікті педагог



**Кейіпкеріміз Әсия бала күнінен мұғалім болуды армандаған. Осы ретте оны анасы мен әкесі де жастайынан ұлағатты ұстаз болуға баулып, сол мақсатына жетуге барынша мүмкіндік жасаған. Сондықтан да мектеп бітірер шақ таяғанда ол еш ойланбастан Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық колледжде оқуға түскен.**

Аталған оқу орнын бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын өзі оқыған ауылдағы алтын ұядан бастаған. «Мектепте мұғалім болып жұмысқа орналасқаным кеше ғана сияқты еді, бүгін қарап отырсам арада 20 жыл уақыт өтті» деп әңгімесін алғашқы еңбек жолынан бастады кейіпкеріміз.

– 20 жылда 4 бастауыш сыныпқа білім бердім. Қазіргі таңда алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған 5-ші сыныбыма сынып жетекшімін. 20 жылдың ішінде оқушыларым республикалық «Ақбота», «Кенгуру» сынды олимпиадаларға қатысып, жеңімпаз атанды. Олардың басым көпшілігі медицина саласын таңдап, анттына адал ақсұлтты абзал жан атанып жүр. Мәселен, алғашқы шәкірттімің бірі бүгінде мектепте мейіргер қызметін атқаруда, – дейді Әсия Тұрмаханова.

Білікті маманның шәкірттері былда үлкен жетістікке жеткен. Мәселен оқушысы Саги Бердібек аудандық минутқа оқудан өткен жарыстан III орын иеленсе, Амангелді Аппамыс «Зерде» республикалық ғылыми жобаның аудандық кезеңіне қатысып, III орынға лайық деп танылған.

Кейіпкеріміз Әсия бытыр күзде «Зерде» ақыл-ой дамыту орталығының ұйымдастыруымен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде топ жарған. Аталған олимпиадаға 64 мұғалім қатысып, 3-еуі жүлделі I орын, 6-ауы II орын, 15-і III орын иеленген. Жүлделі I мен II орын иеленген ұстаздар облыстық кезеңге жолдама жеңіп алған.

– Олимпиада тапсырмалары бастауыш сынып бағдарламасын негізге ала отырып құрастырылған авторлық, логикалық есептерден тұрды. Аудандағы әр мектептен жиналған мұғалімдермен бәсекеге түсіп, ең жоғары ұпайлардың бірін жинадым. «Алтын тұғыр» – мамандар тәжірибесін ұштап, ынталандыратын жоба. Кәсіби дағдымызды жетілдіріп, бәсекеге қабілеттілігін арттыру түсетін сайыстан көп нәрсе үйреніп, тәжірибе жинай түстім. Мені қолдап, жеңіске жетуге тілеулес болған барша әріптестеріме алғысым шексіз, – дейді ол.

Кейіпкеріміз жыл басында аталған олимпиаданың облыстық кезеңінде бақ сынап, II орын алған. Айта кетейік, Әсиядан бөлек, олимпиадаға аудандан 8 мұғалім қатысқан. Нәтижесінде 4 мұғалім жеңімпаз атанып, командалық есеп бойынша «Ең үздік олимпиадалық команда – 2025» номинациясын иеленген.

Ата-анасының арманын орындап, ауыл мектебінің мәртебесін көтеріп жүрген жас маман әлі де талай шәкірттің талабын шыңдап, қабілетін ұштай бермек.

## Озат оқушы

**Егемен еліміздің ертеңі, кемеел келешегіміздің кепілі болған жастар жаңашылдық пен ғылымға әуес. Бүгінде әр өңірде талантты балалар танылып, біліммен көзге түсіп жүрген жастарымыз көп. Жыл сайын оқушылардың өнерпақшылық пен шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Ұлы өнерпақшылыққа алғашқы қадам» атты инновациялық идеялар байқауы өткізіліп тұрады.**



Биыл да аталған байқаудың аудандық кезеңі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, әр мектептің білім алушылары бақ сынады. Сайыстың басты мақсаты – техникалық мамандықтардың әлеуетін арттыру. Бұл сайыста оқушының білімі де, ойлау қабілеті де сынға түседі. Сайыскерлердің бірі архитекторға қызығып, түрлі макет жасап, енді бірі робототехника саласын таңдаған. Байқауға қатысушылардың бірі – Жаңадария ауылдағы №232 орта мектептің 7 сынып оқушысы Нұржан Қартаңбай. Ол жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілген «Ұлы өнерпақшылыққа алғашқы қадам» атты республикалық байқаудың аудандық кезеңіне қатысып, «Автокөліктің қолданыстағы модельдерін әзірлеу» бағыты бойынша облысқа жолдама жеңіп алған. Ал облыстық кезеңде II орын иеленген.

– Бұл сайысқа кез келген төтенше жағдайға арналған өрт сөндіру көлігін дайындап апардым. Ол көлікте арнайы спутник бар, яғни ол өрттің қай жақта болып жатқанын дереу анықтап біле алады. Сондай-ақ бұл көліктен бөлек, танк пен кеме де дайындадым. Танк адам бара алмайтын жерлерге барып, жарақат алған жандарға көмектеседі. Ал кеме сулы жерлерде адамдарға көмек көрсетеді. Өрт сөндіру көлігі 360 градусқа бұрыла алады. Онда арнайы саты мен өрт сөндіруге арналған қажетті құрал-жабдықтар орналасқан. Сондай-ақ өрттен зардап шеккен науқастарға алғашқы көмек көрсететін дәрі-дәрмек аймағы бар, – дейді ол.

Озат оқушысының аталған жобаларды дайындауға 1 айдан астам уақыты кеткен. Ол дәл осы байқауға алдыңғы жылы да қатысып, «Ауыл шаруашылығы мен техникаларын жабдықтаулар салалары» бойынша сынға түскен. Ол бұл бағытта бидай жинап, тасытып, оны тазартатын арнайы комбайн машинасын құрастырған. Нәтижесінде аудандық кезеңде жүлделі I орын иеленген. Ол алдағы уақытта та осы робототехника саласының дамуына өзіндік үлес қосып, басқа да тың жобаларды жарыққа шығармақ.

Мұнан бөлек, озат оқушы ғылыми жоба, олимпиада сынды білім бөйгелеріне де қатысып, жеңіс төрінен көрініп келеді. Мәселен, бытырғы оқу жылында ауыл шаруашылығының көрнекті қайраткері Социалистік Еңбек Ұзақ Еспановтың 95 жылдық мерей тойына орай 5-10 сынып арасында өткен «Еңбектен бақытын тапқан жан» тақырыбы аясында өткен ғылыми жоба да бас бейгені ешкімге бермеген.

Сонымен қатар Нұржан спортқа да бейім. Ол мектептегі футбол құрамасының белді ойыншысы. Оның алға қойған мақсаты айқын. Ол білім бөйгелерімен қатар спорт саласында да үлкен жетістікке жете бермек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-56  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №306